

«ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН «FORTEBUSINESS» ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГІ / «FORTEBUSINESS» МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГІ» ЖҮЙЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ҚАШЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Осы Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкінгі/ «ForteBusiness» мобильді интернет-банкінгі» жүйелерін пайдалану арқылы қашықтан қызметудің жалпы талаптары (бұдан әрі – Жалпы талаптар) «ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк) пен Клиент арасында Клиенттің банктік шоттарын жүргізуге, төлемдер және(немесе) аударымдарды іске асыруға, Жалпы талаптарда айтылған және Банктің Заңды тұлғаларға арналған интернет банкінгі Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкінгі/ «ForteBusiness» мобильді интернет-банкінгі» жүйелерін пайдалану арқылы шынайы уақыт тәртібінде қашықтан қызмет көрсету сервисі ұсынатын басқа да қызметтеріне байланысты туындайтын қарым-қатынасты реттейді. Талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасының, «ForteBank» АҚ-та Заңды тұлғаларға арналған интернет банкінгі/ Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкінгі/ «ForteBusiness» мобильді интернет-банкінгі» жүйелері арқылы заңды тұлғаларға/жеке кәсіпкерлерге/ шаруа (фермерлік) қожалықтарына/ жеке нотариустарға/ жеке сот орындаушыларына/ адвокаттарға/кәсіби медиаторға арналған электрондық банк қызметтерін көрсету туралы Ереженің (бұдан әрі – ЭБҚ көрсету ережесі), Банктің басқа да ішкі құжаттарының негізінде жасалды.

Жалпы талаптар Банктің www.forte.kz интернет-сайтында жарияланды. Клиент Жалпы талаптарға Клиент ұсынатын, оның негізгі шарттары бар және Заңды тұлғаларға арналған интернет банкінгі Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкінгі/ «ForteBusiness» мобильді интернет-банкінгі» жүйелерін пайдалану арқылы клиенттердің банктік шоттары бойынша операциялар жүргізудің жалпы талаптарына қосылу туралы өтінішке/Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкінгі» жүйесін пайдалану арқылы клиенттердің банктік шоттары бойынша операциялар жүргізудің жалпы талаптарына қосылу туралы өтінішке¹ қол қою арқылы қосыла алады, оның негізгі талаптарын қамтиды және бірлесіп бірыңғай қосылу шартын (бұдан әрі – Шарт) білдіреді.

Жалпы талаптар бойынша Клиент заңды тұлға мен оның оқшауландырылған бөлімшесі (филиал мен өкілдік), жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор, шаруа қожалығы, фермерлік шаруашылық болып табылады.

Заңды тұлғаларға арналған интернет банкінгі/ Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкінгі/ «ForteBusiness» мобильді интернет-банкінгі» жүйелерінде тіркеле және авторизациялана отырып, Клиент Банкке төмендегілерге өз келісімін береді:

- 1) осы тұлғаның дербес және/немесе басқа да деректерін жинауға, өңдеуге және осы деректерді Кредиттік бюроға беруге;
- 2) ММБ-дан алынған ол туралы мәліметтерді Алушының алуына;
- 3) ол туралы ММБ-дан алған ақпаратты Алушының Кредиттік бюроға беруіне;
- 4) Кредиттік бюроның ММБ-дан ММБ операторларынан/иелерінен ол туралы ақпаратты алуына;
- 5) ММБ иелерінің ол туралы ақпаратты барлық ММБ-дан Кредиттік бюроға тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
- 6) Банкке ол туралы қолда бар және болашақта келіп түсетін ақпаратты Кредиттік бюроға және Алушыға Кредиттік бюро арқылы беруге.

1. ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. Жүйе (Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкінгі/ Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкінгі) – «Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкінгі/ Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкінгі» бағдарламалық жасақтамасы, ол арқылы Банк Клиентке электрондық банк қызметтерін ұсынады. Жүйеге қолжетімділік Интернет арқылы Заңды тұлғаларға арналған

¹ Клиент - жеке кәсіпкер, шаруа (фермер) қожалығы, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор (мобильді интернет - банкінгіге заңды тұлғаларға қызмет көрсету процесін техникалық іске асыруды жүзеге асырғанға дейін) мобильді интернет-банкінгіге қол жеткізу үшін ғана қашықтан пайдаланады және қол қояды (Жалпы Талаптардың 1-қосымшасы).

«ForteBusiness» интернет банкингі (<https://ibank.forte.kz/>) веб-адресі көмегімен, сонымен қатар мобильді қосымшасы орнатылған және интернеті бар мобильді телефон немесе басқа да құрылғы (IOS, Android) арқылы іске асырылады;

1.2. Өтінім – Заңды тұлғаларға арналған интернет банкингі/Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингіне қолжетімділік беруге Банктің белгілеген үлгіде ресімделген өтінім;

1.3. Клиенттің өкілі – Клиенттің Жүйені тиісінше пайдалануы үшін Банктен барлық қажетті мәліметтерді, құрылғылар мен құжаттарды алуға, сондай-ақ Шарт аясында қызметтерді алу мақсатында өзге де әрекеттерді орындауға құқылы Клиент тиісті сенімхат арқылы уәкілеттік берген тұлға;

1.4. Клиент – заңды тұлға/жеке кәсіпкер, шаруа (фермерлік қожалығы), жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор;

1.5. Пайдаланушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиент өтінімінде көрсеткен, Шартқа сәйкес Жүйеге қол жеткізу құқығы және Клиенттің атынан Банкке нұсқауларға қол қою және жіберу құқықтарын қоспағанда, Клиенттің электрондық банк қызметтерін алуы үшін қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігі берілген тұлға;

1.6. Клиенттің уәкілетті тұлғасы – Клиенттің банктік шотын ашу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің Банкке ұсынатын немесе Клиенттің атынан Банкке нұсқаулар беруге және қол қоюға құқылы, Клиент уәкілеттік берген, Клиенттің қолы мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатта көрсетілген Пайдаланушының/Клиенттің өкілі;

1.7. Клиенттің банктік шоты – Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы және/немесе жинақ шоты;

1.8. Клиенттің логині – Банк клиентке ұсынатын және Жүйеде тіркелу және кейіннен электрондық банк қызметтеріне қол жеткізу үшін пайдаланушының Логинімен бірге пайдаланылатын бірегей сәйкестендіргіш.

Клиенттің логині Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингіне және мобильді интернет-банкингіне қол жеткізу үшін бірдей болып табылады.

Клиенттің логині ретінде белгіленген тәртіпте Банкте тіркелген Клиенттің мобильді телефон нөмірі пайдаланылады.

1.9. Пайдаланушының логині – Клиенттің Жүйеде тіркелуі үшін және әрі қарай Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингі арқылы электрондық банк қызметтеріне қол жеткізуі үшін Банк барлық пайдаланушыларға/Клиенттің уәкілетті тұлғаларына ұсынатын Клиенттің бірегей логині. Мобильді интернет-банкингіде Клиенттің/Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді телефон нөмірі логин болып табылады. Пайдаланушының логині көрсетілген екі жүйеге де қол жеткізу үшін қолданылады.

1.10. Құпиясөз – құпия таңбалар (әріптер, сандар және/немесе арнайы таңбалар) жиынтығы, оны Жүйеде тіркелу кезінде Пайдаланушы белгілейді не Жүйені пайдалану процесінде өзгертеді, Пайдаланушының жеке басын растауға (аутентификациялауға) және электрондық банк қызметтеріне қол жеткізуді қорғауға арналады.

Пайдаланушы Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингіде не Мобильді интернет-банкингіде орнатқан (ойлап тапқан немесе өзгерткен) құпиясөз біреу болып табылады және аталған екі жүйеге де қол жеткізу үшін қолданылады.

Интернет-банкингіне қол жеткізу үшін бастапқы құпиясөзді Банк автоматты түрде қалыптастырады және Пайдаланушыға Банкте тіркелген мобильді телефон нөміріне SMS-хабарлама жолдау арқылы жіберіледі. Көрсетілген бастапқы құпиясөзді Пайдаланушы Жүйеге алғаш кірген кезде міндетті түрде ауыстыруы тиіс.

1.11. ДСН – құрылған кодты алу мақсатында Digipass құрылғысын іске қосу үшін қажетті дербес сәйкестендіру нөмірі. Банк әрбір Пайдаланушыға/Клиенттің уәкілетті тұлғасына береді;

1.12. Жылдам кіру ДСН-коды - құпия цифрлық таңбалар жиынтығы, Пайдаланушы Мобильді интернет-банкингіде тіркелу кезінде өзі орнататын, логин мен құпиясөзді қайта енгізбестен Мобильді интернет-банкингіне оңай кіруге арналады.

1.13. Құрылған код – бір реттік (біржолғы) код - бағдарламалық-аппараттық құралмен (Digipass құрылғысы) жасалатын және Клиентке Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкингіте/Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингіте электрондық банктік қызметтерге қолжетімділікті беру кезінде ұсынылатын бір реттік пайдалануға арналған электронды цифрлық символдардың бірегей бірізділігі;

1.14. Digipass құрылғысы – Заңды тұлғаларға арналған интернет банкингіте/ Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингіте қолданылатын электронды құрылғы (бағдарламалық-аппараттық құрал), ЭБК көрсету Шарты мен Ережесінің талаптарына сәйкес Банктің Клиентке берген құрылған/жасалған коды. Бұл ретте Digipass құрылғысын активациялау үшін ДСН қолданылады;

1.15. «ForteOTP» мобильді OTP токени – Клиентке Заңды тұлғаларға арналған «Fortebusiness» интернет-банкингі жүйелерінде электрондық банк қызметтеріне өту мүмкіндігін ұсыну кезінде пайдалануға арналған бір реттік (біржолғы) сәйкестендіру кодын құрастыратын/жасайтын мобильді қосымша;

1.16. FaceID - Клиенттің бет-әлпетінің көлемді - кеңістіктік формасының сканері, оның көмегімен құрылғының құлпын қауіпсіз ашуға, Мобильді интернет-банкингіге кіруге болады;

1.17. TouchID- Клиентті саусақ ізі арқылы сәйкестендіретін жүйе, оның көмегімен құрылғының құлпын қауіпсіз ашуға, Мобильді интернет-банкингіге кіруге болады;

1.18. SMS-верификация - Клиентке Мобильді интернет – банкинкте сәйкестендіру немесе аутентификациялау кезінде енгізілетін ұялы телефон нөміріне СМС-коды бар SMS-хабарлама жіберу арқылы динамикалық сәйкестендіру процесі;

1.19. Байланыс мәліметтері – Клиенттің электрондық банк қызметтерін алуға байланысты мәселелер бойынша Банкке хабарласатын Банктің/Банктің жауапты қызметкерлерінің байланыс телефондары мен мекенжайлары;

1.20. Клиентті сәйкестендіру – электрондық банк қызметтерін алу құқығын біржақты растау мақсатында Пайдаланушының/Клиенттің Уәкілетті тұлғасының нақты өзі екендігін растау процедурасы;

1.21. Аутентификация – Банк бекіткен Қауіпсіздік процедураларын қолдану арқылы Клиенттің электронды құжатының түпнұсқалылығын және дұрыс жасалғанын, ерік білдіруін растау;

1.22. Жұмыс күндері – Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес демалыс немесе мереке болып табылмайтын күндер;

1.23. Клиенттің Жүйеге қосылуы – Шарттың талаптарына және/немесе Клиенттің өтініміне сәйкес Жүйеде Пайдаланушының/Клиенттің Уәкілетті тұлғасын тіркеу;

1.24. Қауіпсіздік процедурасы – Жүйеге қосылу, электрондық құжаттарды жасау, беру және алу кезінде Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасын сәйкестендіруге арналған ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдары мен ұйымдастырушылық шаралар кешені, оның электрондық банк қызметтерін алу құқығын белгілеу және берілетін және алынатын электрондық құжаттардың мазмұнындағы қателерді және/немесе өзгерістерді анықтау мақсатында жүзеге асырылады;

1.25. Курьерлік қызмет – пошта операторы көрсететін пошта жібертілімдерін тасымалдау мен табыстау бойынша пошта қызметтері;

1.26. СМС-код – қоданушының сұрауы бойынша Банктің бағдарламалық-техникалық құралдарымен жасалатын, Клиенттің уәкілетті тұлғасының Өтінімде көрсетілген мобильді телефон нөміріне SMS-хабарлама арқылы жіберілген және Пайдаланушыға электрондық банк қызметтеріне қолжетімділік беру кезінде бір рет пайдалануға арналған, Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингінде/Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингінде пайдаланылатын бірегей ретті электрондық цифрлық таңбалардан тұратын бір реттік (біржолғы) код;

1.27. Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкинг (Мобильді интернет- банкинг) – Банктің Клиентке мобильді қосымша орнатылған және Интернеті бар мобильді телефон немесе өзге құрылғы арқылы жеке кабинетте қашықтықтан қызмет көрсетуге арналған бағдарламалық жасақтама;

1.28. Биометрикалық сәйкестендіру – Клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерінің негізінде оның электрондық банк қызметтерін алу құқығын біржақты растау мақсатында Клиенттің жеке басын анықтау процедурасы;

1.29. Электронды-цифрлы қолтаңба (ЭЦҚ) – ЭЦҚ арқылы құрастырылған және электронды құжаттың растығын, оның сәйкестендіру құралы болып табылатын мазмұнының тиесілілігі мен өзгермейтінділігін растайтын электронды цифрлы символдардың жиыны. ЭЦҚ Мобильді интернет-банкинкте Клиентті сәйкестендіру мен аутентификациялау мақсатында қолданылады.

Жалпы талаптарда қолданылатын басқа арнайы терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген мағынада қолданылады.

1.30. Электронды құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және сәйкестендіру құралдарымен куәландырылған, жөнелтуші жасаған және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жасалғаннан кейін оған енгізілген бұрмаланулар және (немесе) өзгерістер қамтылмаған құжат.

Жалпы талаптарда қолданылатын өзге де арнайы терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мәнге сәйкес пайдаланылады.

2. «ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ/ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН «FORTEBUSINESS» ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ/ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН «FORTEBUSINESS» МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ» АРҚЫЛЫ ІСКЕ АСЫРУҒА БОЛАТЫН ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

2.1. Банк Клиентке Жалпы талаптарда және ЭБҚ көрсету Қағидаларында бекітілген тәртіпте электрондық банк қызметтерін (ЭБҚ) көрсетеді.

2.2. Жүке арқылы көрсетілетін электрондық банк қызметтеріне мыналар кіреді:

2.2.1. Ақпараттық-банктік қызметтер:

1) Ақпараттық банктік қызметтер алу үшін Өтінімге сәйкес Жүйеге қосылған Клиенттің Банктік шоттарына қолжетімділік беру;

2) Клиенттің Банктік шоттары бойынша қалдық және(немесе) қозғалыстар жайлы, Клиенттің шоттары бойынша төлемдер және(немесе) аударымдар туралы ақпарат беру;

- 3) төлемді алушылардың (бенефициарлардың) тізімін үйге келтіру, оның ішінде қажетті өзгерістерді енгізуді қоса алғанда;
- 4) төлемдердің және(немесе) аударымдардың тарихын қарау;
- 5) болашақта бір типтес төлемдерді және(немесе) аударымдарға арналған шаблондарды құру;
- 6) қауіпсіз қосылу арнасының көмегімен электрондық хабарламалар арқылы Банкпен байланысу (Банктің жауабын беру мерзімі мен тәртібі «ForteBank» АҚ-ның банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы қағидаларда белгіленеді);
- 7) анықтамалар алу.

2.2.2. Төлем қызметтері:

- 1) Клиенттің Банктік шоттарындағы теңгедегі және шетел валютасындағы ақшаны аудару және(немесе) төлемдерді жүзеге асыру;
- 2) шетел валютасын сатып алу мен сатуды жүзеге асыру;
- 3) Клиенттің Банктік шоттары бойынша үнемі қолданылатын нұсқаулықтар (электрондық құжаттар) жасау, өзгерту немесе күшін жою;
- 4) алдағы уақытта Клиенттің Банктік шоттары бойынша төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру бойынша электрондық құжаттарды жасау;
- 5) төлем карточкаларын шығару/қызмет көрсету.

2.2.3. Басқа қызметтер:

- 1) банктік (жинақ) шот ашу және салымды орналастыру;
- 2) ағымдағы банктік шоттарды ашу;
- 3) ағымдағы банктік шоттарды жабу;
- 4) кредит ресімдеу және беру.

Бұл толық тізім емес және Жүйенің дамуына байланысты Банк біржақты тәртіпте өзгертуі/толықтыруы мүмкін.

3. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ, ТӘСІЛІ МЕН ШАРТТАРЫ

3.1. Клиентке ЭБҚ-ге қолжетімділік Интернет желісіне қосылған кез келген құрылғыдан Интернет арқылы қорғалған арналар бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да тәсілдермен қашықтан ұсынылады.

3.2. Клиентке ЭБҚ-ге қолжетімділік Жүйеде Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының біреуінің тіркеуден өткен соң беріледі. Бұл ретте төлем қызметтерін жүргізу тек төлем қызметтерін алу үшін Банкке Клиенттің электронды құжатты ұсынуға қажетті және жеткілікті құқығы бар Уәкілетті тұлғасы тіркелген жағдайда ғана іске асырылады.

3.3. Клиенттің/ Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының Жүйеде тіркеуден өту тәртібі мен талаптары ЭБҚ көрсету Қағидаларында бекітіледі.

3.4. Ақпараттық-банктік қызметтерді көрсету Клиент сәтті сәйкестендіру мен Аутентификациядан өткен жағдайда жүзеге асырылады.

3.5. Төлем қызметтерін көрсету Клиенттің Қауіпсіздік процедураларына сәйкес сәйкестендіру мен Аутентификациядан сәтті өткен жағдайда жүзеге асырылады.

3.6. Клиентті сәйкестендері, Аутентификация, электронды құжатты Жүйе арқылы ұсыну тәртібі мен талаптары ЭБҚ көрсету Қағидаларында белгіленеді.

3.7. Клиенттің Банктік шоттарын Жүйеге қосу, ЭБҚ алу мен оларды Жүйеден өшіру Клиенттің Шартына және/немесе Банкке жіберген хатының негізінде жүзеге асырылады.

3.8. Жүйе арқылы төлемдер мен аударымдарды жүргізу кезінде Клиент Жүйеде автоматты түрде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған электронды құжаттардың нысандарын қолданады. Электрондық құжаттар Клиент Жүйеде авторизация жүргізу кезінде таңдаған интерфейс тіліне байланысты мемлекеттік және/немесе орыс тілінде қалыптастырылады.

3.9. Жүйе арқылы шетел валютасында төлемдерді және(немесе) аударымдарды жүргізу Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңнамасын сақтау арқылы іске асырылады.

3.10. Шетел валютасындағы электрондық банк қызметтерін көрсету кезіндегі валюта айырбастау бағамын операцияны жүргізу кезінде Банк анықтайды.

3.11. Клиент ЭБҚ көрсету кезінде қолданылатын Банк өзі белгілеген және Банктің ресми www.forte.kz сайтында орналастырылған тарифтеріне (бұдан әрі- тарифтер) сәйкес ЭБҚ төлем жасайды.

3.12. Осы арқылы Тараптар Банк Клиенттің Жүйе арқылы алған және Клиенттің тиісті түрде рұқсат еткен (акцептелген) Қауіпсіздік Процедурасын пайдалану арқылы Банкке ұсынған кез келген электронды құжаттарын қарастыруға құқылы екендігімен келіседі.

3.13. Осы арқылы Клиент Клиенттің Уәкілетті тұлғалары тиісті түрде және әрекет ету мерзімінің ішінде Клиенттің Банктік шоты бойынша тиісті операцияларды іске асыруға уәкілетті болатындығына кепілдік береді және куәландырады.

3.14. Банк ЭБҚ ұсынған кезде Банкте Клиентке ЭБҚ ұсынуға негіз болған хабарламалардың жіберілгені және/немесе алынғаны туралы растау қалады. Клиенттің ресімделген хатының негізінде Банк электронды құжаттардың жіберілгені және/немесе алынғаны туралы растауды Клиенттің хатын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тараптар келіскен нысанда және тәсілмен (электронды пошта/ жүйе/қолма-қол/Курьерлік қызмет арқылы) ұсынады. Электронды құжатты алуды растау ЭБҚ көрсету Қағидаларында белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Клиенттің сұратуы бойынша Банк оған ЭБҚ көрсету Қағидаларында көзделген нысанда және мерзімдерде электрондық банк қызметтерін жіберу және/немесе алу туралы растауды ұсынады.

3.15. Шарттың қолданыс мерзімінің ішінде Банк ұсынатын ЭБҚ көрсету шекті мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған мерзімдерге сәйкес келеді.

3.16. Электрондық банк қызметтерін ұсынуға байланысты мәселелер бойынша Клиент келесі байланыс деректері бойынша жүгіне алады:

Телефоны: +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75

7575 - мобильді телефоннан, Факс: +7 (727) 259-67-87, E-mail: info@forte.bank

Банктің мекенжайы: Астана қаласы, Достық көшесі, 8/1.

4. ҚАУІПСІЗДІК ПРОЦЕДУРАЛАРЫ

4.1. Осы арқылы Тараптар ЭБҚ көрсету қағидаларында айтылған ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету бойынша процедураларды сақтауға міндеттенеді:

Интернет-банкинг қамтамасыз етеді:

1) веб-қосымшаның Банкке тиесілігін сәйкестендірудің нақтылығын (домендік атауы, логотиптері, корпоративтік түстері);

2) браузердің жадында авторизациялық деректердің сақталуына тыйым салуды;

3) енгізілген құпияларды жасыруды;

4) веб-қосымшаны пайдалану кезінде ұстануға кеңес берілетін кибергигиенаны қамтамасыз ету шаралары туралы клиенттің авторизациялау парағында хабардар етуді;

5) қателер мен ерекшеліктерді клиент интерфейсында құпия деректердің көрсетілуіне жол бермей, қате туралы ең аз қажетті ақпаратты ғана ұсына отырып, қауіпсіз түрде өңдеуді.

Мобильді қосымша қамтамасыз етеді:

1) мобильді қосымшаның Банкке тиесілігін сәйкестендірудің нақтылығын (қосымшалардың ресми дүкеніндегі деректер, логотиптері, корпоративтік түстері);

2) операциялық жүйенің тұтастығын бұзу және (немесе) қорғау тетіктерін айналып өту, қашықтан басқару процестерін анықтау белгілері анықталған жағдайда Банктің қашықтықтан қызмет көрсету бойынша функционалын бұғаттауды;

3) пайдаланушыны мобильді қосымшаның жаңартуларының болуы туралы хабардар етуді;

4) күрделі осалдықтарды жою қажет болған жағдайда, мобильді қосымшаның жаңартуларын мәжбүрлеп орнату немесе орнатқанға дейін мобильді қосымшаның функционалын бұғаттау мүмкіндігін;

5) құпия деректерді мобильді қосымшаның қауіпсіз контейнерінде немесе жүйелік есептік деректерді сақтау қоймасында сақтауды;

6) құпия деректерді кэштеуді алып тастауды;

7) мобильді қосымшаның резервтік көшірмелерінде құпия деректердің ашық түрде сақталуын болдырмауды;

8) мобильді қосымшаны пайдалану кезінде кибергигиенаны қамтамасыз ету әдістері туралы пайдаланушыны хабардар етуді;

9) пайдаланушыны оның есептік жазбасындағы авторизация жүргізу, құпиясөзді өзгерту және (немесе) қалпына келтіру, Банк тіркеген мобильді телефон нөмірін өзгерту жағдайлары туралы хабардар етуді;

10) ақшалай қаражатпен операцияларды жүзеге асыру барысында - пайдаланушының рұқсаты болса, Банктің серверлік БҚЖ-на (бағдарламалық интерфейстер серверлерінің бағдарламалық жасақтамасы), мобильді құрылғының геолокациялық деректерін беруді не мұндай рұқсаттың жоқтығы туралы ақпаратты беруді;

11) мобильді құрылғының микрофонына белсенді қолжетімділік анықталған жағдайда, Банк белгілеген тәртіпте ақшалай қаражатпен операцияларды жүзеге асыру бойынша функционалды клиенттің рұқсатымен бұғаттауды не мұндай рұқсаттың жоқтығы туралы ақпаратты Банктің серверлік БҚЖ-на беруді.

4.2. ЭБҚ көрсету кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қорғаудың ұйымдастырушылық шаралары, тәртібі мен бағдарламалық-техникалық құралдары ЭБҚ көрсету Қағидаларында көрсетіледі.

4.3. Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингіне өтуге рұқсат беру кезінде Клиентті сәйкестендіру үшін және Аутентификациялау кезінде келесі сәйкестендіру деректері қарастырылады: осы

Пайдаланушыға/Клиенттің уәкілетті тұлғасына берілген/тиесілі Пайдаланушының логині, Digipass құрылғысы немесе «ForteОТР» мобильді ОТР токени құраған Құпия сөз және Құралған код.

4-3-1. Мобильді интернет банкингіне қолжетімділікті жүзеге асыру кезінде Клиентті бастапқы сәйкестендіру (тіркеу) үшін келесі сәйкестендіру құралдары қолданылады: SMS-верификациялау, Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (бұдан әрі - СДАО) арқылы немесе Банктің құрылғылары арқылы алынған биометриялық деректерді қолдана отырып Клиентті биометриялық сәйкестендіру. Клиентті бастапқы сәйкестендіруден (тіркеуден) кейін, жоғарыда аталғаннан бөлек, Клиент Құпиясөз, Логин (өзінің мобильді телефонының нөмірін) орнатады, сондай-ақ міндетті түрде FaceID, TouchID және жылдам кіру ДСН-кодын орнатады. Мобильді интернет-банкингіне келесі қолжетімділік Логин мен Құпиясөзді, SMS-верификацияны немесе FaceID/TouchID/жылдам кіру ДСН-кодын қолдану арқылы жүзеге асырылады. FaceID/TouchID/жылдам кіру ДСН-кодын орнатқан кезде Мобильді интернет-банкинг Клиенттің енгізген Логині мен Құпиясөзін есінде сақтайды және FaceID/TouchID/жылдам кіру ДСН-кодын қолданудың әрбір жағдайында Мобильді интернет-банкингіне кіру үшін Құпиясөз автоматты түрде енгізіледі.

Мобильді қосымшаға кіру кодын (құпиясөзін) өзгерту СДАО растаған немесе Банк құрылғылары арқылы алынған биометриялық деректерді пайдалана отырып, Клиенттің биометриялық сәйкестендіруін қолдана отырып жүзеге асырылады.

4.3-2. Мобильді интернет-банкингте Аутентификациялауға SMS-верификацияны немесе Клиенттің ЭЦҚ қолданылады.

4.4. Жүйедегі қауіпсіздік мақсатында Клиенттің ағымдағы сессиясын автоматты түрде өшіру функциясы қарастырылған. Жүйеде Клиенттің ағымдағы сессиясын өшіру – Жүйеде Клиенттің белсенді әрекеттері ұзақ (10 минуттан астам) болмаған жағдайда (кез келген операцияларды жүзеге асырмау, кез келген электрондық құжаттарды ұсынбау және т. б.) электрондық банк қызметтерін ұсынадан бас тарту дегенді білдіреді.

4.5. Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингінде Қауіпсіздік процедураларын сақтау мақсатында, Digipass құрылғысын алу барысында Клиент/Уәкілетті тұлға Банктен алынған бастапқы ДСН-ді ауыстыруға міндетті. Бастапқы Құпиясөз Клиентке/Уәкілетті тұлғаға беріледі және Жүйеге алғаш кірген кезде оны жеке Құпиясөзге ауыстыру талап етіледі.

4.6. Банктік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қолжетімділіктің орын алғандығы, оның рұқсатсыз өзгертілгендігі, рұқсат етілмеген төлемнің немесе ақша аударымының іске асырылғандығы, Банктің электрондық банктік қызметті ұсыну барысында туындаған басқа да рұқсат етілмеген әрекеттердің туындағандығы жайлы Банк Клиентке оған қатысты осындай әрекеттердің жол берілгендігі жайлы Клиенттің Өтінімінде көрсетілген байланыс деректері бойынша оқиға орын алғаннан бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ауызша хабарлайды.

4.6-1. Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингінде және мобильді интернет-банкингінде Қауіпсіздік процедураларын сақтау мақсатында Пайдаланушы Жүйелерде жұмыс істеу кезінде келесі қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын сақтауға міндетті:

1) мобильді қосымшаны және оған қажетті жаңартуларды Интернет желісіндегі мобильді операциялық жүйелерді өндірушілерінің ресми онлайн дүкендерінен ғана орнатуға;

2) лицензияланбаған, күмәнді, сондай-ақ тексерілмеген зиянды бағдарламаларды/бағдарламалық жасақтаманы пайдаланбауға;

3) Жүйеде жұмыс істеу үшін ғана пайдаланылатын, физикалық қолжетімділігі шектеулі жеке компьютерді қолдану ұсынылады.

4) лицензияланған, уақтылы жаңартылатын антивирустық бағдарламалық жасақтаманы қолдануға. Вирустардың әрекеті Пайдаланушының сәйкестендіру ақпаратын ұстап қалуға бағытталуы мүмкін;

5) өз компьютерінде және мобильді құрылғысында заманауи операциялық жүйелерді, онда анықталған осалдықтарды жою мақсатында өндіруші компания ұсынған уақытында автоматты түрде жаңартылатын жүйелерді пайдалануға міндетті. Компьютердің операциялық жүйесі мен браузерін үнемі жаңартып отыруға, бұл қауіпсіздік деңгейін едәуір арттырады;

6) вирустың бар-жоғы тексерілмеген сыртқы ақпарат тасымалдаушыларды компьютерге қоспауға;

7) қосымша қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін құпиясөзді енгізген кезде «виртуалды пернетақтаны» қолдануға, осылайша енгізілген таңбаларды ұстап қалу мүмкіндігін болдырмайды;

8) жүйелік деңгейде модификация процесіне ұшыраған құрылғыларды («рутированные», rootkit) пайдаланбауға;

9) құрылғының пернетақтасында терілетін құпиясөз сандарының қатарын, Digipass құрылғысы немесе «ForteОТР» мобильді ОТР токени құрастыратын кодты, СМС-кодты біреудің көруіне жол бермеуге;

10) тіркелген нөмірі бар мобильді телефоны жоғалған немесе ұрланған кезде мобильді байланыс операторы арқылы тіркелген телефон нөмірін бұғаттауға және Жүйеге кіру мүмкіндігін бұғаттау туралы Банкке хабарлауға;

11) жұмыс аяқталғаннан кейін Жүйе терезесін «Шығу» батырмасын басу арқылы жабуға, компьютерді немесе мобильді құрылғыны Жүйедегі ағымдағы сессиясымен қараусыз қалдырмауға;

12) Интернет байланысын орнататын бағдарламаларда, компьютердегі мәтіндік файлдарда немесе басқа электрондық ақпарат тасымалдағыштарда құпиясөздерді сақтамауға, өйткені оны ұрлау және әшкерә ету қаупі бар.

4.7. Жалпы талаптардың 4.6-тармағында көрсетілген санкцияланбаған әрекеттер туындаған жағдайда, Банк олардың салдарын жою және болашақта олардың пайда болуын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды дереу қабылдайды.

4.8. Ұйымдастырушылық шаралар мен бағдарламалық-техникалық қорғау құралдарын қоса алғанда, Банк пен Клиент қолданатын бағдарламалық-техникалық құралдарға рұқсатсыз қол жеткізуді болғызбау құралдары мен шаралары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді/жауап береді.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Банктің міндеттері:

5.1.1. Банктің веб-сайтында ([http://www.forte.kz.](http://www.forte.kz)) ЭБҚ көрсету Қағидаларының маңызды жайында орналастыру және қолдау.

5.1.2. Жүйеде Пайдаланушыны/Клиенттің уәкілетті тұлғасын ЭБҚ көрсету Қағидалары мен Жалпы талаптарда бекітілген тәртіп пен шарттарда тіркеу.

5.1.3. Клиентке электрондық банк қызметтерін ЭБҚ көрсету Қағидаларымен Жалпы талаптарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіп пен талаптарда ұсыну.

5.1.4. Әрбір Пайдаланушыға/Клиенттің уәкілетті тұлғасына Пайдаланушының Логинін, Құпиясөзін және жұмысқа жарамды Digipass құрылғысын беру, Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингіне кіруге арналған құрылғысы бар болса. Пайдаланушының Логинін, Digipass құрылғысын іске қосуға арналған ДСН-ін/Құпиясөзді, Digipass құрылғысын берген кезде Клиенттің өкілі және Банктің уәкілетті тұлғасы Банк белгілеген нысан бойынша қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды.

5.1.5. Клиентке/оның уәкілетті тұлғасына Digipass құрылғысын берген сәттен бастап 3 (үш) айдан аспайтын кезеңде анықталған/белгіленген Digipass құрылғысының жұмысқа жарамсыздық жағдайында, айтарлықтай сыртқы ақаулары/«LOCK DISABLED» хабарламасы болмаған жағдайда, Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының жазбаша өтінішінің негізінде Digipass құрылғысын ауыстыруды Клиенттің/ оның уәкілетті тұлғасының Банкке жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, Банктің тарифтеріне сәйкес төлем алынбай, ЭБҚ көрсету қағидаларында белгіленген тәртіпте жүзеге асыру, құрылғы бар болса. Осы тармақшаның бірінші абзацында белгіленген мерзімнен кейін кез келген негіздер бойынша Digipass құрылғысының жұмысқа жарамсыздығын анықтау/белгілеу кезінде осы тармақшаның бірінші абзацында және ЭБҚ көрсету қағидаларында көзделген тәртіпте Банк тарифтеріне сәйкес ақылы негізде Digipass құрылғысын ауыстыру.

Банкте ауыстыруға арналған құрылғы болмаған жағдайда, бұрын жүргізілген төлем қайтарылады.

5.1.6. Digipass құрылғысы Клиенттің кінәсінен бұзылған кезде, Digipass құрылғысының сыртқы зақымдануы кезінде (құрылғының экраны сынған және/немесе механикалық зақым келтірілген болса) және/немесе Digipass құрылғысы Клиенттің / Клиенттің уәкілетті тұлғасының ДСН-ді дұрыс енгізбеуі салдарынан 3 реттен көп бұғатталған кезде (Digipass құрылғысы «LOCK DISABLED» хабарламасын көрсетеді), Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының жазбаша өтініші негізінде Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының Банкке жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Digipass құрылғысын, бар болса, Банктің тарифтеріне сәйкес ақылы негізде ауыстыру. Бұл ретте жұмыс істемейтін Digipass құрылғысын Клиент/оның уәкілетті тұлғасы Банктің қызметкеріне Digipass құрылғысының жұмыс істемейтін жай-күйінің себебін көрсете отырып, Digipass құрылғысының анықталған зақымдануының сипаттамасымен/«LOCK DISABLED» хабарламасымен, Банктің жауапты қызметкері және Клиент/оның уәкілетті тұлғасы 2 (екі) данада қол қойған Жұмыс істемейтін Digipass құрылғысын қабылдау-тапсыру актісі бойынша тапсырады.

5.1.7. Клиент Қауіпсіздік процедуралары мен Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтаған жағдайда Жалпы талаптар мен ЭБҚ көрсету Қағидаларында белгіленген тәртіп пен талаптарда Клиенттің нұсқауларын орындау.

5.1.8. Жалпы талаптар мен ЭБҚ көрсету қағидаларында белгіленген тәртіп пен талаптарда Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингіне Клиентке пайдаланушының жаңа Логинін, Құпиясөзді, ДСН-ді және Digipass құрылғысын беру.

5.1.9. Қазақстан Республикасының заңнамаларында тікелей қарастырылған жаңдайларды қоспағанда ЭБҚ көрсету барысында алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу.

5.2. Банктің құқықтары:

5.2.1. Клиент Жалпы талаптарға сәйкес өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған және/немесе Пайдаланушы /Клиенттің уәкілетті тұлғасы ЭБҚ көрсету Ережелеріне сәйкес тіркеу процедураларын және Қауіпсіздік процедураларын сақтамаған жағдайда Клиентке оның Пайдаланушысын/уәкілетті тұлғасын жүйеде тіркеуден бас тарту.

- 5.2.2. Келесі жағдайларда кез келгенінде электрондық банк қызметін көрсетуден бас тарту:
- 1) Пайдаланушының Логинін және/немесе Құпиясөзін/Жылдам кіру үшін ДСН кодын және/немесе Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ құпиясөзін Жүйеде қатарынан 3 (үш) реттен көп қате көрсеткен жағдайда;
 - 2) электронды құжаттың Қазақстан Республикасының заңнамасының және/немесе ЭБҚ көрсету қағидаларының және/немесе банктік шот шартының/банктік салым шартының талаптарына сәйкес келмеуі;
 - 3) Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының Қауіпсіздік процедураларын сақтамауы;
 - 4) Клиенттің электронды құжатты орындау үшін Банк талап еткен құжаттарды ұсынбауы;

5.2.3. Жалпы талаптар мен ЭБҚ көрсету Қағидаларында белгіленген негіздер бойынша ЭБҚ көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату.

5.2.4. Банктің веб-сайтында осындай өзгерістер туралы Клиентті хабардар ете отырып, ЭБҚ көрсету Ережелеріне, Жалпы Талаптарға Қазақстан Республикасының заңнамасында біржақты өзгертуге тыйым салынатын шарттарды қоспағанда, өзгерудің болжамды күніне дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын осындай өзгертулер/толықтырулар туралы Банктің веб-сайтында (<http://www.forte.kz>) хабарлау арқылы бір жақты тәртіпте өзгерістер енгізу.

ЭБҚ көрсету Ережелеріне, Жалпы талаптарға, оның ішінде Банктің тарифтеріне/лимиттеріне және Жүйені қолдану тәртібін және электрондық банк қызметтерін көрсету талаптарын реттейтін басқа құжаттарына енгізілген өзгерістер/толықтырулар туралы ақпараттың жарияланғанынан бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң осындай өзгертулер/толықтырулар осы тармақта белгіленген тәртіпте өз күшіне енеді;

5.2.5. Банктің веб-сайтында осындай өзгерістер туралы Клиентті хабардар ете отырып, Клиенттің үнсіздікпен көрсетілген еркі негізінде, ЭБҰ көрсету Ережелеріне, Жалпы Талаптарға біржақты тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында біржақты өзгертуге тыйым салынатын шарттарды қоспағанда, өзгерудің болжамды күніне дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын осындай өзгертулер туралы Банктің <http://www.forte.kz> адресі бойынша веб-сайтында және Банк филиалдарының операциялық залдарында хабарлау арқылы бір жақты тәртіпте өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциямен) енгізу.

Банк осы тармаққа сәйкес өзгерістерді/толықтыруларды енгізу туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Клиенттің көрсетілген құжаттарға өзгерістерді/толықтыруларды қабылдамау туралы жазбаша өтінішті ұсынбауы оның ерік білдіруінің көрінісі болып табылады және Клиенттің осындай өзгерістермен/толықтырулармен келісетінін білдіреді.

5.2.6. Біржақты тәртіпте Байланыс деректеріне осындай өзгертулер жайлы байланыс деректерін өзгертудің болжалды күніне дейін 10 (он) жұмыс күніне дейін Клиентке Банктің веб-сайтында (<http://www.forte.kz>) хабардар ете отырып өзгертулер енгізу.

5.3. Клиенттің міндеттері:

5.3.1. Банктің қызметтеріне Банк тарифтеріне сәйкес ақы төлеу.

5.3.2. Өз бетінше Банктің веб-сайтында (<http://www.forte.kz>) орналастырылған ЭБҚ көрсету Ережесімен танысу, мерзімдік негізде оған енгізілген өзгерістер және/немесе толықтыруларды қадағалап отыру.

5.3.3. Жалпы талаптардың, ЭБҚ көрсету Ережелерін, Қазақстан Республикасының заңнамалары мен тиісті банктік шот/салым шарттарының талаптарын сақтау.

5.3.4. Мобильді интернет-банкингіне рұқсатсыз кіруді болдырмау үшін пайдаланушының Логинін, Құпиясөзін, ДСН-ді/Жылдам кіру ДСН-кодын, Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ/ЭЦҚ/Digipass құрылғысының құпиясөздерін үшінші тұлғаларға жария етпеу/бермеу және сақталуын қамтамасыз ету/мобильді телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатпау.

5.3.5. Пайдаланушының Логині және/немесе Құпиясөзі және/немесе ДСН/Жылдам кіру ДСН-коды және/немесе Құрылған код/СМС-код/ЭЦҚ/ЭЦҚ және/немесе Digipass құрылғысының құпиясөзі жоғалған/жария етілген/үшінші тұлғаларға берілген жағдайда, мобильді телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатылған жағдайда, бұл туралы, электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату мақсатында, Өтінімде көрсетілген Кодтық сөзді айта отырып, Жалпы талаптарда көрсетілген байланыс деректері бойынша Банкке дереу ауызша хабарлау қажет.

5.3.6. Банкке электронды құжаттарды орындау үшін қажетті құжаттарды ұсыну.

5.3.7. Клиенттің атынан жүйеге рұқсатсыз кірудің анықталғаны және/немесе Клиенттің банк шоттарына қол жеткізуді, Клиенттің атынан ЭБҚ алуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Клиенттің атынан жүйеге рұқсатсыз кіру күдігі туралы Жалпы талаптарда көрсетілген байланыс деректері бойынша Өтінімде көрсетілген Код сөзін айту арқылы Банкті дереу ауызша хабардар ету.

5.3.8. Төлем немесе ақша аударымын жүргізу қажет болған жағдайда Клиенттің сәйкес Банктік шотында электронды құжатты орындауға және Банктің тарифтеріне сәйкес Банктің қызметтері үшін комиссиялық сыйақыны төлеуге жеткілікті қаражатты қамтамасыз ету.

5.3.9. Егер өкілеттігі тоқтатылған немесе болмаған жағдайда, Клиенттің Уәкілетті тұлғаларымен операцияларды жүргізбеу/қызметтерді алмау (оны дереу тоқтату және тиісті құжаттарды ұсына отырып, Банкке дереу жазбаша хабарлау).

5.4. Клиенттің құқықтары:

5.4.1. ЭБҚ көрсету қағидаларына сәйкес пайдаланушының жаңа Логинін, Құпиясөзін, ДСН және Digipass құрылғысын Өтінімге сәйкес алу, бар болса.

5.4.2. Пайдаланушының Логині және/немесе Құпиясөзі және/немесе ДСН/Жылдам кіру ДСН-коды және/немесе ЭЦҚ/ЭЦҚ құпиясөзі және/немесе Құрылған код/СМС-код және/немесе Digipass құрылғысы жария етілген/үшінші тұлғаларға берілген жағдайда, мобильді телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатылған жағдайда,

Банктен ЭБҚ көрсетудің жалпы талаптары мен қағидаларында белгіленген тәртіпте электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруды немесе тоқтатуды талап ету.

5.4.3. Жалпы талаптарда көзделген тәртіпте және шарттарда Интернет желісіне қолжетімділігі бар мобильді қосымшаны қолдайтын кез келген компьютерден/мобильді немесе басқа құрылғыдан интернет арқылы байланыс арналары бойынша қашықтан ЭБҚ алуға. Бұл ретте Пайдаланушы/Уәкілетті тұлға Қауіпсіздік процедураларында көрсетілген талаптарды сақтауға тиіс.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

6.1. Тараптар төмендегілерге келісті:

6.1.1. Клиент тиісті түрде сәйкестендірілген және Клиент ЭБҚ көрсету Ережелері мен Қауіпсіздік процедураларын сақтаған жағдайда, СМС-кодтың/ЭЦҚ/SMS-верификацияның құрылған кодын пайдалана отырып, Банкке ұсынылған Клиенттің электронды құжаттарын, егер мұндай электронды құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген болса, Банк Клиенттің түпнұсқа электронды құжаттары ретінде қабылдайтындығымен.

6.1.2. Орындалған және жүргізілген төлем тапсырмалары, Клиент Жүйе арқылы басып шығаратын үзінді көшірмелер Банк беретін қағаз нұсқадағы құжаттарға теңестірілгендігімен.

6.2. Клиент Клиенттің электронды құжаттарының нақтылығына, толықтығына және растығына жауапты болады.

6.2-1. Клиент Клиенттің Банктік шоты бойынша операцияларды жүргізетін Уәкілетті тұлғаның тиісті уәкілеттілігі болмаған жағдайда байланысты барлық мүмкін шағымдарға уәкілеттіліктің болмауынан алынған қызметтерден туындайтын шығынның толық көлемінде толығымен жауапкершілік алатындығымен.

6.3. Банк мына жағдайларда жауапкершілік алмайды:

6.3.1. Клиенттің электронды құжаттарды дұрыс ресімдегенімен байланысты туындаған кез келген шығын үшін, сонымен қатар Клиенттің электронды құжаттарының Жалпы талаптардың, ЭБҚ көрсету Ережелерінің, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;

6.3.2. Банктің кінәсінен емес туындаған Жүйенің жұмысындағы қателер, бас тарту, кідірістер және іркілістер үшін;

6.3.3. қателер, іркілулер, Клиенттің және/немесе басқа үшінші тұлғаның жабдығының жарамсыздығына байланысты Клиенттің Жүйеге қолжетімділік ала алмау мүмкіндігі үшін;

6.3.4. Пайдаланушының Логинін және/немесе Құпиясөзін және/немесе ДСН/Жылдам кіру ДСН-кодын және/немесе Құрылған кодты және/немесе ЭЦҚ/ЭЦҚ құпиясөзін және/немесе СМС-кодты және/немесе Digipass құрылғысын Клиенттің жоғалтуы/жария етуі/үшінші тұлғаларға беруі және/немесе мобильді телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатуы салдарынан болған залал үшін;

6.3.5. Клиенттің электронды құжатын болдырмау немесе өзгерту мүмкін еместігі үшін;

6.3.6. Клиенттің жабдығының немесе Клиенттің жабдығында сақталған ақпараттың бүлінгендігі үшін, Клиенттің Қауіпсіздік процедураларын сақтамаған кезде Клиенттің бағдарламалық камсыздандандыруы мен компьютерінің түрлі компьютерлік вирустардан қауіпсіздігі үшін;

6.3.7. Пайдаланушының Логині және/немесе Құпиясөзі және/немесе ДСН және/немесе Жылдам кіру ДСН-коды және/немесе Құрылған код және/немесе ЭЦҚ/ЭЦҚ құпиясөзі және/немесе СМС-код және/немесе Digipass құрылғысының құпиясөзі қамтылған ақпаратқа үшінші тұлғалардың қол жеткізуі және/немесе мобильді телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатуы салдарынан болған залал үшін, бұған Банктің қызметкерін (қызметкерлерін) қоса алғанда, Банктің кінәсінен жоғарыда көрсетілген ақпаратқа үшінші тұлғалардың қол жеткізуі нәтижесінде туындаған залал қосылмайды;

6.3.8. үшінші тұлғаның Пайдаланушының Логинін және/немесе Құпиясөзін және/немесе ДСН және/немесе Жылдам кіру ДСН-кодын және/немесе Құрылған кодты және/немесе ЭЦҚ/ЭЦҚ құпиясөзін және/немесе СМС-кодты және/немесе Digipass құрылғысын заңды/ заңсыз алуына/ жария етуіне және/немесе телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатуына байланысты Клиент және/немесе үшінші тұлғалар тарапында туындаған кез келген залал, зиян, шығын үшін, сондай-ақ осы деректерді пайдалану нәтижесінде Клиент және/немесе кез келген үшінші тұлғалар жағында туындаған кез келген залал, зиян, шығын үшін, бұған мұндай залалдың, зиянның Банктің, оның ішінде Банк қызметкерінің кінәсінен туындаған жағдайлар қосылмайды.

6.3.9. Жалпы талаптармен, ЭБҚ көрсету Қағдаларымен, Қауіпсіздік процедураларымен реттелмейтін басқа барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілік алады.

7. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІН ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ

7.1. Банк мына жағдайларда ЭБҚ көрсетуді тоқтата тұруға және/немесе Пайдаланушының/Клиенттің Уәкілетті тұлғасының ЭБҚ қолжетімділігін тоқтатуға құқылы:

- 7.1.1. Клиенттің Пайдаланушысының Логинін және/немесе Құпиясөзін және/немесе ДСН-ді және/немесе Жылдам кіру ДСН-кодын және/немесе Құрылған кодты және/немесе ЭЦҚ құпиясөзін/ СМС-кодты Жүйеде қатарынан 3 (үш) реттен көп қате көрсеткен жағдайда;
- 7.1.2. Клиенттің Пайдаланушысының Digipass құрылғысын қатарынан 5 (бес) реттен артық іске қосқан және Digipass құрылғысын бұғаттаған кезде пайдаланушының ДСН-ді қате көрсетуі;
- 7.1.3. Клиенттің Банктік шоттарына рұқсатсыз қол жеткізу немесе Жүйені рұқсатсыз пайдалану қауіпі туындаған кезде;
- 7.1.4. ЭБҚ көрсетілетін Клиенттің банктік шотында тыйым салу және/немесе шығыс операцияларын тоқтата тұру, мүлікке билік етуді уақытша шектеу және/немесе үшінші тұлғалардың орындалмаған талаптары болған кезде;
- 7.1.5. Клиенттің Уәкілетті тұлғасы/ Пайдаланушысы пайдаланушының Логинін және/немесе Құпиясөзін және/немесе ДСН және/немесе Жылдам кіру ДСН-кодын және/немесе Құрылған кодты және/немесе ЭЦҚ/ЭЦҚ құпиясөзі және/немесе СМС-кодты және/немесе Digipass құрылғысын жоғалтқан/жария еткен/үшінші тұлғаларға берген және/немесе мобильді телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатқан жағдайда, Банк Клиенттен Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының тиісті ауызша немесе жазбаша өтінішін алса;
- 7.1.6. ЭБҚ көрсету Қағидаларында және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған басқа да жағдайларда.
- 7.2. Банк келесі жағдайларда ЭБҚ көрсетуді тоқтатуға құқылы:
- 7.2.1. егер Клиенттің Шарт бойынша банктік операцияларды/Банктің басқа да қызметтері үшін төлем жасау бойынша 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам мерзімдегі берешегі болса;
- 7.2.2. Клиенттің Банктегі барлық Банктік шоттары заңнамада белгіленген тәртіпте жабылған болса.
- 7.3. Клиенттің тиісті түрде ресімделген хатының негізінде Клиентке ЭБҚ көрсетуді тоқтата тұрған кезде және/немесе егер Клиенттің банк операцияларын жүргізу үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша Банк алдында күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам берешегі болса, ЭБҚ қол жеткізу Клиенттің барлық Пайдаланушылары үшін тоқтатыла тұрады. Клиенттің нақты Пайдаланушысы үшін ЭБҚ қол жеткізуді тоқтата тұру Клиенттің өзге Пайдаланушылары үшін ЭБҚ қол жеткізуді тоқтата тұрмайды.
- 7.4. Банк мына жағдайларда Клиентке ЭБҚ көрсетуді тоқтата тұрады немесе тоқтатады:
- 7.4.1. Клиенттің Жалпы талаптарда қарастырылған электрондық банк қызметтерін көрсету тәртібі мен талаптарды бұзуы;
- 7.4.2. ЭБҚ көрсетуді қамтамасыз ететін техникалық қызметтердің ауауы;
- 7.4.3. Жалпы талаптарда қарастырылған басқа да негіздерде.
- 7.5. Осы арқылы Тараптар Жалпы талаптардың 7.2-тармағында қарастырылған негіздер бойынша электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату мақсатында Банктің Digipass құрылғысын дереу өшіру/ Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының бұғаттауы арқылы жүйеге қолжетімділікті бұғаттау дерегі Клиентке электрондық банк қызметін көрсетуді тоқтата тұру/тоқтату туралы тиісті хабарлама болып табылатындығы жайлы келісті
- 7.6. Клиенттің ЭБҚ алу құқығын тоқтата тұруға әкеп соққан себептер жойылған кезде Банк ЭБҚ көрсетуді қайта бастайды, бұл ретте Клиенттің Digipass құрылғысын/ Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасын іске қосу жолымен Жүйеге қол жеткізуді ұсыну оның құқықтарының қайта іске қосылуы туралы Клиентке жеткілікті және тиісінше хабарлау болып табылады.
- 7.7. ЭБҚ қайта қалпына келтіруді Банк ЭБҚ көрсету Қағидаларында қарастырылған негізде және тәртіпте іске асырады.

8. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

- 8.1. Шарттың талаптарын тиісінше орындау бойынша туындайтын дауларды Тараптар келіссөздер арқылы, ал келісімге келе алмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешеді.
- 8.2. Шарт аясында жіберілетін барлық хабарландырулар мен хабарламалар жазбаша түрде болуы тиіс. Егер олар тапсырысты хатпен, факс, телеграф арқылы немесе жеке қолына табысталған жағдайда таңдалған байланыс арнасы адресатқа жеткізілгендігі туралы хабарлама/хабарландыру арқылы расталатын болса ғана тиісті түрде жіберілген болып саналады. Шарт бойынша хабарламалар Шартта тікелей көзделген жағдайларда ғана өзге тәртіппен жасалуы мүмкін.
- 8.3. Жалпы талаптарға барлық өзгертулер мен толықтырулар егер басқасы заңнамамен белгіленбеген болса Жалпы талаптарда көрсетілген тәсілмен жасалуы тиіс.
- 8.4. Шартта реттелмейтін барлық қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және реттеледі.



Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/ Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі» жүйелерін пайдалану арқылы қашықтан қызмет көрсетуге қойылатын ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРҒА ҚОСЫЛУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ²

Клиент толтырады

Өтініш берушінің атауы (бұдан әрі – Клиент):

(Клиенттің толық атауы)

Клиенттің ЖСН

КЗТ ағымдағы шотының №

Клиенттің мекенжайы:

(Клиенттің заңды мекенжайы)

(Клиенттің нақты мекенжайы)

Осы арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес, Клиент оған мәлім және Клиент үшін міндетті күші бар «Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/ Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі» жүйесін пайдалану арқылы Клиенттердің банктік шоттары бойынша операциялар жүргізудің жалпы талаптарының (бұдан әрі – Жалпы талаптар) қолданыстағы редакциясына қосылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының және «ForteBank» АҚ талаптарының негізінде «Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг және мобильді банкинг» жүйесін пайдалану арқылы қызмет көрсетуді сұрайды.

Осы арқылы Клиент:

- www.forte.kz адресі бойынша орналасқан «ForteBank» АҚ ресми сайтында жарияланған Жалпы талаптармен танысқанын, оның мәтінін түсінгенін, келісетінін және оларды орындауға міндеттелетінін;
- осы Өтініш «Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг және мобильді банкинг» жүйесі арқылы Электрондық банк қызметтерін көрсету туралы шарттың жасалу фактісін растайтын құжат болып табылатынын растайды.

Қол қойылды / Подписано: (Аты-жөні/ФИО)

Қол қойылған күні / Дата подписания: _____

Сертификаттың қолданылу мерзімінің аяқталатын күні³ /

Дата истечения сертификата: _____



Өкімдік құжаттар процесі, № _____ өтінім. Құжатқа қол қойылған күн - _____ ж., уақыты _____
Процесс, заявка № _____. Дата подписания документа - _____. Время _____.

² Мобильді интернет-банкинкте заңды тұлғаларға қызмет көрсету процесін техникалық жүзеге асыруды іске асырғанға дейін осы Жалпы талаптарда көрсетілген Сәйкестендіру, Аутентификациялау мен Мобильді интернет-банкингі пайдаланудың тәртібі тек қана Клиент-жеке кәсіпкерге қолданылады.

³ Өтініш ЭЦҚ арқылы қол қойлатын жағдайда көрсетіледі/Указывается в случае подписания заявления посредством ЭЦП.

Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкингі» жүйелерін пайдалану арқылы қашықтан қызмет көрсетуге қойылатын жалпы талаптардың


2-ҚОСЫМШАСЫ



Клиенттің – жеке кәсіпкердің, шаруа (фермерлік) қожалығының, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың САУАЛНАМАСЫ⁵

Толық атауы	
ЖСН	
Заңды мекенжайы (тіркелген жері) (мемлекет, облыс, аудан, елді мекен (қала, ауыл және т.б.), көше, үйдің және пәтердің нөмірі)	
Нақты тұратын (орналасқан) мекенжайы (мемлекет, облыс, аудан, елді мекен (қала, ауыл және т.б.), көше, үйдің және пәтердің нөмірі)(жоғарыда көрсетілгеннен өзгеше болса)	
Байланыс телефонының нөмірі:	
Электронды пошта адресі	

Осы сауалнамада көрсетілген деректердің шынайылығы үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі.

Қол қойылды / Подписано: (ФИО) Қол қойылған күні / Дата подписания: _____ Сертификаттың қолданылу мерзімінің аяқталатын күні ⁴ / Дата истечения сертификата: _____	
--	---

Өкімдік құжаттар процесі, № _____ өтінім. Құжатқа қол қойылған күн - _____ ж., уақыты _____
Процесс, заявка № _____. Дата подписания документа - _____. Время _____.

⁴ Өтінішке ЭЦҚ арқылы қол қойған жағдайда көрсетіледі

Указывается в случае подписания заявления посредством ЭЦП